

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 2023-2024 оқу жылында ата-аналарға арналған «Консультациялық пункттің» жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру.
2. «Консультациялық пункт» жұмысы туралы қысқаша түсіндіру
3. Ата-аналарға арналған сауалнама «Қане танысайық»

Тыңдалды:

Бөбекжай-бақшасы меңгерушісі: М.Утешева сөз алды:

Индер ауданы білім бөлімі Атырау облысы Білім беру басқармасының әдістемелік орталығының 2023 жылғы 11 қазандағы №895 санды хатына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін консультациялық пункттерді ұйымдастыру бойынша нұсқаулықтарына сәйкес, балабақшада консультативті пункт жұмыс жоспары құрылды. Консультациялық пункт отбасына мектепке дейінгі жас шамасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда, балаларды әлеуметтендіруге ықпал ететінін айта келе балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналып құрылған іс-шаралар жоспарын таныстырды. Ай сайын МДҰ-ға қатыспайтын мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына өтілу формалары бойынша дөңгелек үстел, ата-аналарға кеңес, баяндама, жаднамамен таныстыру, сұхбаттасу мерекелік ертеңгіліктерге қатыстыру шараларының маңыздылығына тоқталды.

Ата-аналарға (занды өкілдерге) арналған консультациялық пункттің жұмысы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын іске асыруға, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Міндеттері - мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы мәселелері бойынша атааналарға (занды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету ; - ата-аналарға (занды өкілдерге) бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету; - ата-аналарға (занды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету,

мектеп жасына балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау; - мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу; - мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету; -тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастық орнату болып табылады.

Ата-аналарға арналған «Қане танысайық» сауалнамасы жүргізілді. Ата-аналар берілген сұрақтарға толық жауап жазды.Сауалнама толығымен аяқталған соң консультациялық пункттің жиналысын «Ең ерекше еркелету» тренингімен жалғастырды.

Бөбекжай-бақшасының педагог-психолгі «Ең ерекше еркелету» тренингін жүргізді ата-аналарға әртүрлі әріптер ұсынылды әріптерді көрмей тандап алу арқылы тандап алған әріптері бойынша балаларын еркелетті.Осылайша консультациялық пунктке арналған ата-аналар жиналысын қорытындылады.

Қаулы:

1.Мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға консультация пункттің 2023-2024 оқу жылындағы ата-аналарға консультациялық пункт қызметінің іс-шаралары жоспарымен таныссын.

2.Консультациялық пункт жоспарына сай жұмыс жасалсын.

Бөбекжай-бақшасы меңгерушісі:

М.Утешева

Хатшысы:

М.Қалданова





